

**Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің қызметіндегі сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Тараз қаласы

«27» мамыр 2026 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, «Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметінің (бұдан әрі – бөлім) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

2026 жылғы 7 сәуір №37 «Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2025 жылдың II, III, IV тоқсандары және 2026 жылдың I тоқсаны қамтылып, бөлім бойынша ішкі талдау жүргізілді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі
жұмыс тобының мүшелері**

Сматилдаева Гулназ Есенгалиевна – Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы;

Дүйсенбай Даулет Жасұланұлы – бөлім басшысының орынбасары;

Мырзалиева Зухра Жексентайқызы – сектор меңгерушісі;

Серікбаева Мадина Егеубайқызы – статист маман;

Таубаева Мақпал Дарханқызы – бас маман.

Сипаттама бөлімі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік – процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы Заңы;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы Заңы;
- Кәсіподақтар туралы Заңы;
- Қоғамдық бірлестіктер туралы Заңы;
- Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы Заңы.

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау:

Бөлім өз қызметін қала әкімдігінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 159 қаулысымен бекітілген Ереже негізінде жүзеге асырады.

Қызметкерлерді бос лауазымдарға жұмысқа қабылдау рәсімдерін ұйымдастыруды қала әкімінің аппараты орталықтандырылған түрде жүргізеді. 2025 жылы және ағымдағы жылы 2 бас маман өз өтініштері негізінде қызметінен өз еркімен босатылды. Ішкі және жалпы конкурстардың нәтижесі бойынша аталған лауазымдарға азаматтар қайта тағайындалды. Сонымен қатар, осы жылы меритократия қағидаттарына сәйкес, нәтижелі еңбегі мен кәсіби біліктілігінің арқасында бөлімнің сектор меңгерушісі басшының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Персоналды басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Бөлім қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы мүдделер қақтығысының болуына, қызметкерлердің бөлім басшыларымен жұмысқа қабылдану кезіндегі үлестестігіне, кадрлардың ауысу себептеріне, қызметкерлерді жұмыстан шығаруға (лауазымын төмендетуге), сондай-ақ жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен жұмысына және қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың сақталуына ішкі талдау жүргізді. Бөлімде қызметтік міндеттерді орындау барысында мүдделер қақтығысына жол берілмейді және аталған бағыт бойынша жағдайлар анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер бойынша

Бөлім құзыретіне мемлекеттік қызмет көрсету кірмейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Бөлімнің қызметінде рұқсат беру функциялары қарастырылмаған.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Қалада мемлекеттік рәміздерді пайдалану, қолдану және насихаттау жұмыстары бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілуде. Мемлекеттік рәміздер саласындағы заңнамалардың сақталуына мониторинг жүргізу үшін комиссияның мүшелері мекемелерге шығуы тұрақты ұйымдастырылуда.

Жалпы, 2025-2026 жылдары қаладағы 255 мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда (2025 жылы – 179, 2026 жылы – 76) мониторинг жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде мекемелерде 15 – Мемлекеттік Ту, 12 – Елтаңба, 2 – Мемлекеттік Тудағы ұштық, 7 – Мемлекеттік рәміздердің бейнесі белгіленген стенд, оқу орындарында 6 – оқшауланған орын қалпына келтіріліп, 3-Мемлекеттік Туды және Елтаңбаны ауыстыру және жою жөніндегі тұрақты комиссия құрылды.

2025 жылы Әділет департаментінің мәліметі бойынша Тараз қаласында 592 коммерциялық емес ұйымдар (*әрекеттісі 578*) тіркелген болса, 2026 жылы 580 коммерциялық емес ұйымдар (*әрекеттісі 513*) тіркелген.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабы 5-тармағына сәйкес үкіметтік емес ұйымдар өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға (*Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігі*) жыл сайын есептік мерзімнен кейін әр жылдың 31 наурызына дейін өз қызметі туралы мәлімет беруі тиіс.

Әрекетті үкіметтік емес ұйымдарға өз қызметі туралы, оның ішінде өз құрылтайшылары (*қатысушылары*), мүлкінің құрамы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау бағыттары туралы ұсыну туралы «Казпочта» акционерлік қоғамы арқылы хабарламалар жолданып, ҮЕҰ жетекшілеріне байланыс телефондары арқылы хабарлама берілді.

2025 жылы әрекетті 493 ҮЕҰ-ның ішінде 329-ы, 2026 жылы әрекетті 513 ҮЕҰ-ның 367-і уәкілетті органға мәліметті жолдаған.

Осыған байланысты, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 489-1 бабының 1 және 2 тармақтарына сәйкес, 2025 жылы 4 ҮЕҰ жетекшілеріне қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылып, Тараз қаласының әкімшілік сотымен ескерту түрінде шешім шығарылды.

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

2025 жылдың 12 айында қаржыландыру жоспарына сәйкес 424 012,0 мың теңге қаражат бөлініп, оның 423 994,3 мың теңгесі игерілді, игеру деңгейі 99,0%-ды құрады.

2026 жылға арналған қаржыландыру жоспарына сәйкес 366 064,0 мың теңге ақшалай қаражат бөлінді, оның ішінде 2026 жылдың 3 айында - 58 706,9 мың теңге игерілді, бұл 0,16% құрайды.

Талдау барысында ішкі саясат бөлімі қызметкерлерінің жұмыс уақытын есепке алу табельдері және есеп айырысу-төлем ведомостары тексерілді. Жалақы төлеу жұмыс уақытын есепке алу табельдері мен тиісті бұйрықтар негізінде жүзеге асырылған. Мемлекеттік қызметшілерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына байланысты сауықтыру жәрдемақысы және еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша төлемдер уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары негізінде жүргізілген.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсыныс: Бюджет қаражатын тиімді әрі оңтайлы пайдалану мақсатында 2026 жылдың соңына дейін бөлінген қаражаттың уақтылы және сапалы игерілуін қамтамасыз ету қажет.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі № 106-VIII Заңы негізінде Мемлекеттік сатып алулардың веб-порталында мемлекеттік сатып алу жоспары 2024 жылғы 20 желтоқсанда және 2025 жылғы 31 желтоқсанда уақтылы орналастырылған. Бөлім тарапынан 2025 жылы мемлекеттік сатып алу тәсілі бойынша 184 келісімшарт жасалды. Барлық келісімшарттарды жасау барысында заңнама талаптары сақталған. Сонымен қатар, 2026 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша 91 келісімшарт жасалды.

2025 жылға мемлекеттік әлеуметтік жобаларға (17 жоба) 61 млн тг (*o.i. ішкі саясат бөліміне 4-жобаға 18 млн.тг, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне 5-жобаға 16 млн, жастар ресурстық орталығына 7-жобаға 27 млн.тг*) қарастырылды. Бөлінген қаражат толық көлемде игеріліп, жоспарланған жобалар толықтай іске асырылды.

2026 жылы мемлекеттік әлеуметтік жобаларға қалалық бюджеттен 193 361 000 теңге көлемінде қаражат бөлініп, лот тақырыптары қалыптастырылды. Оның ішінде гендерлік теңдік мәселесін шешу, қоғамдық келісімді нығайту, жастар саясатын қолдау, әлеуметтік көмек көрсету, отбасы институтын нығайту, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға, діни тұрақтылықты қамтамасыз ету сияқты және тағы да басқа да бағыттарда жобалар енгізілді.

Атап айтқанда, ішкі саясат бөлімі 5-жобаға 40 000 000 теңге, жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 8-жобаға 126 361 000 теңге, жастар ресурстық орталығы 9-жобаға 27 000 000 тг қаражат бөлінді.

Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізіліп, жобалар бойынша жеңімпаздарды анықтау процесі жалғасуда.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін фактілер талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Ішкі саясат бөлімі бойынша «1 С - «Азия Шым-Сервис ЖШС» және бұзылу жағдайында ақпараттық жүйені қалпына келтіру жөніндегі қызметтерге 2025 жылы 1 457 000 теңге қаражат бөлініп, тиісті жұмыстар толық көлемде атқарылды. Ал ағымдағы жылы осы бағытта 1 380 000 теңге қарастырылып, жоспарланған жұмыстар белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуда.

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

2025 жылдың II, III, IV тоқсандарында «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне 136 өтініш және 2026 жылдың I тоқсанында 57 өтініш келіп түсті. Өтініштерді қарау мерзімдерін бұзу фактілеріне жүргізілген талдау нәтижесінде 2025 жылғы III, IV тоқсандарда және 2026 жылғы I тоқсанда бұзушылықтар анықталған жоқ. Ал 2025 жылғы II тоқсанда өтінішті қарау мерзімін бұзудың 1 фактісі анықталды. Өтініштерге жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, өтініш берушінің дәлелдерін мемлекеттік тілде немесе өтініш тілінде қабылданған шешімге шағымдану құқығын түсіндіре отырып, теріске шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтиды.

2025 жылдың II, III, IV тоқсандарын және 2026 жылдың I тоқсанын ішкі талдау кезінде «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақтылы қабылдау және тіркеу мониторингін жүргізу, одан әрі жолдау және орындау барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ұсыным: «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» талаптарын қатаң сақтау, сондай-ақ бөлім қызметкерлері арасында «Е-Өтініш» платформасындағы өтініштерді қарау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу және басшылық тарапынан қатаң бақылауда ұстау. Өтінішті қарау мерзімін өткізіп алған жауапты маманға тәртіптік жаза қолдану туралы ескерту беру ұсынылады.

10. Қорытынды бөлім

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі басшысына:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзушылықтарға жол бермеу бойынша қажетті бақылау шараларын қабылдау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет өткеру мәселелері бойынша іс-шаралар өткізу. *Мерзімі: үнемі.*

2. «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтау, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының және мемлекеттік сатып алу қағидаларының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ бөлім қызметкерлері арасында «Е-Өтініш» платформасы бойынша өтініштерді қарау мерзімі бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу. *Мерзімі: 3 ай ішінде.*

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтамаға қол қойылған күннен бастап үнемі ұсынымдардың орындалуы бойынша мониторинг жұмыстары жүзеге асырылсын.

Комиссия тобының мүшелері:

Комиссия төрайымы:



Г. Сматилдаева

Комиссия мүшесі:



Д. Дүйсенбай

Комиссия мүшесі:



З. Мырзалиева

Комиссия мүшесі:



М. Серікбаева

Комиссия хатшысы:



М. Таубаева